

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылғы 22 желтоқсандағы № 341 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 18 қаңтардағы № 6745 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 2 желтоқсандағы № 1122 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ішкі істер министрінің 02.12.2016 № 1122 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі ҚАЖ Комитетінің түзеу мекемелері қызметкерлерінің арнайы құралдарды қолдану тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы № 146 бұйрығына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 1718 болып енгізілді, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланды, 2002 ж., № 7-8, 543-күжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, ҚАЖ комитетінің түзеу мекемелері қызметкерлерінің арнайы құралдарды қолдану тәртібі туралы Нұсқаулықта:

10-тармақтың 5) тармақшасында "ҚАЖ басқармасы" деген сөз "ҚАЖ комитетінің қылмыстық-атқару жүйесі департаменті (бұдан әрі - ҚАЖК ҚАЖД)" деген сөздермен ауыстырылсын;

17-тармақтағы "ҚАЖ Комитетінің облыстық басқарма" деген сөздер "ҚАЖК ҚАЖД" деген сөздермен ауыстырылсын.

2) Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2012.03.29 № 182 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

3) "Қазақстан Республикасы Әділет министрінің түзеу мекемелеріндегі және қамауға алу түріндегі жазаны орындау бөлігінде тергеу изоляторларындағы арнайы есепке алу бөлімдерінің (бөлімшелерінің, топтарының) жұмысын ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы № 150 бұйрығына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 1719 болып тіркелді, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланды, 2002 ж., № 13-14, 567-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақтағы "ҚАЖ басқармаларының" деген сөздер "қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің түзеу мекемелеріндегі және қамауға алу түріндегі жазаны орындау бөлігінде тергеу изоляторларындағы арнайы есепке алу бөлімдерінің (бөлімшелерінің, топтарының) жұмысын ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулықта:

20-тармақтағы "ҚАЖ Комитеті Басқармасынан" деген сөздер "ҚАЖ комитетінің қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінен (бұдан әрі - ҚАЖ комитетінің ҚАЖД)" деген сөздермен ауыстырылсын;

76-тармақтағы "облыстық Қылмыстық-атқару жүйесі басқармасына (әрі қарай - ҚАЖ Комитетінің Басқармасы)" деген сөздер "ҚАЖ комитетінің ҚАЖД" деген сөздермен ауыстырылсын;

101-тармақтағы "Басқармасына" және "басқармалар" деген сөздер "ҚАЖД" және "департаменттер" деген сөздермен ауыстырылсын;

116-тармақтың барлық мәтіні бойынша "Басқарма" деген сөздер "ҚАЖД" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің түзеу мекемелеріндегі және қамауға алу түріндегі жазаны орындау бөлігінде тергеу изоляторларындағы арнайы есепке алу бөлімдерінің (бөлімшелерінің, топтарының) жұмысын ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулықтың қосымшасында:

"Басқарма" деген сөз "ҚАЖД" деген сөзбен ауыстырылсын.

4) Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2012.03.29 № 182 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

5) Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2012.03.29 № 182 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

6) "Бас бостандығынан айыруға сотталғандарды айдауылдау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2003 жылғы 18 қыркүйектегі № 194 бұйрығына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 2498 болып тіркелді) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақтағы "басқармаларының" деген сөз "қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Бас бостандығынан айыруға сотталғандарды айдауылдау ережесінде:

3-тармақта:

"басқарма" деген сөз "қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ҚАЖКБ" деген сөз "ҚАЖК ҚАЖД" деген сөздермен ауыстырылсын;

36-тармақта "ҚАЖКБ" деген сөз "ҚАЖК ҚАЖД" деген сөздермен ауыстырылсын.

7) Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2012.03.29 № 182 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

8) "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті тергеу изоляторларының арнайы есеп бөлімдерінің жұмысы туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2004 жылғы 9 шілдедегі № 210 бұйрығына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 2973 болып тіркелді)мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақта "басқармаларының" деген сөз "қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті тергеу изоляторларының арнайы есеп бөлімдерінің жұмысы туралы Нұсқаулықта:

2-тармақтың 3) тармақшасында "басқармаларына" деген сөз "қылмыстық-атқару жүйесі департаменттеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

Барлық мәтін бойынша "ҚАЖКБ" деген сөздер "ҚАЖК ҚАЖД" деген сөздермен ауыстырылсын;

87, 120, 121, 122-тармақтарда "ҚАЖ комитетінің басқармасына", "ҚАЖ комитетінің аумақтық басқармасының" деген сөздер сәйкесінше "ҚАЖК аумақтық ҚАЖД" деген сөздермен ауыстырылсын;

13, 32, 34, 35 және 39-қосымшалардың барлық мәтіні бойынша "ҚАЖКБ" деген сөздер "ҚАЖК ҚАЖД" деген сөздермен ауыстырылсын.

9) Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2012.03.29 № 182 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

10) Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2012.03.30 № 184 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

11) Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2012.03.14 № 141 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

12) Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің м.а. 2011.08.04 № 279 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енгізіледі) бұйрығымен.

13) "Сотталғандарды медициналық куәландыру және оларды ауруына байланысты жазасын өтеуден босатуға ұсынуды ретке келтіру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2009 жылғы 18 қарашадағы № 145 бұйрығына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5973 болып тіркелді, "Заң газеті" 2010 жылғы 22 сәуірдегі № 57 (1679); "Юридическая газета" газеті 2010 жылғы 22 сәуірдегі № 57 (1853); Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланды, 2010 жылғы № 8) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Сотталғандарды медициналық куәландыру және оларды ауруына байланысты жазасын өтеуден босатуға ұсынуды ретке келтіру жөніндегі нұсқаулықта:

4-тармақта "Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті Басқармаларының" деген сөздер "ҚАЖ комитетінің қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің (бұдан әрі - ҚАЖ комитетінің ҚАЖД)" деген сөздермен ауыстырылсын;

Барлық мәтін бойынша "ҚАЖ комитеті басқармаларының", "ҚАЖ комитеті басқармасының" деген сөздер сәйкесінше "ҚАЖ комитетінің ҚАЖД" деген сөздермен ауыстырылсын.

14) Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2012.03.17 № 147 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің төрағасына жүктелсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Әділет министрі

Р. Түсіпбеков